

Нәтижесінде, оқу мақсатына сәйкес тапсырмаларды орындай отырып, оқушылар әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтай отырып, оны өзіндік көзқарасы білімі арқылы тәрбиелік маңызын түсінуге үйренеді. Көркем шығармадағы кейіпкерлер іс-әрекеті мен портреті, образын өмірмен байланыстыра отырып аша алады. Осылайша, әр сабақта көркем шығарма оқуға, әдебиетке, кітапқа, поэзия оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылатын түрлі жұмыстардың жеке тұлғаны рухани дамытып, мәдениетін жетілдіруге, сөздік қорын молайтып, сауатты сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыруға ықпалы зор.

Мектеп қабырғасында көркем шығармадан білім алған бала құндылықты бағалай білетін, білім мен тәрбиенің, еңбектің қадірін ерте түсінетін, қасиет пен құрметтің мәнін ұғынатын азамат болып қалыптасады деп ойлаймын. Мектеп бағдарламасында берілген Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері тәрбиелік мәні зор құнды дүние, өнеге мен өсиеттің сарқылмас бұлағы. Оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – сіз бен біздің ортақ межеміз. Ендеше, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әлемдік техникалар мен технологияларды, инновациялық әдістерді көптеп қолдана отырып, бала санасын Ыбырай Алтынсарин шығармаларымен сусындатайық.

Әдебиеттер тізімі

1. **Ы.Алтынсарин шығармалар жинағы.** Алматы, 1989 ж.
2. **Электрондық ресурс** <https://kk.reoveme.com/vark-learning-styles-%D0%B4%D1%96-%D1%88%D0%BE%D0%BB%D1%83/>
3. **Электрондық ресурс** <https://vark-learn.com/introduction-to-vark/the-vark-modalities/>

ӨОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Есепбай Ж. – педагогика ғылымдарының магистрі, ғылыми қызметкер, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Мақалада ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық іс-әрекеттері мен көзқарастары, педагогикалық ойлары мен оның әңгімелерінің ұрпақ тәрбиесінде алатын орны туралы сөз болады.

Түйінді сөздер: ағартушы, педагогикалық ойлар, шығармалар, көзқарас, мектеп ашу, тұлға, тәрбие, адамгершілік қасиеттер, тәрбиелеу.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының тағдырына, болашағына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог.

Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзіреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Олай болса, тарихта өзіндік орны бар, алғашқы қазақ мектебінің негізін қалаушы, тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсариннің ұрпақ тәрбиесі туралы педагогикалық мұраларының бүгінгі таңда өзектілігі жоғары.

Ыбырай Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан байқалды. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған арнап оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер шығаруға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, өз шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Ы.Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді.

Ыбырай Алтынсариннің көзқарастарынан бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің алатын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Ол өзінің екі кластық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...», – деген еді [1, 25].

Ы.Алтынсарин қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісіне ең басты мәселе деп қарады. «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға

болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық еш нәрсе жоқ», – деген ой түйді [1, 32].

«Қазақ хрестоматиясына» енетін шығармаларды іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерін насихаттау принципі көзделсе, екіншіден, оқушыларды адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту көзделді, үшіншіден, жастардың, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді берді.

Ыбырай Алтынсариннің орыс жазушылары Пауэльсоннан, Ушинскийден, Толстойдан аударып, хрестоматияға енгізген әңгімелерінде де қайырымдылық, кішіпейілділік, талаптылық, еңбексүйгіштік сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптеліп, оған қарама-қарсы жауыздық, екіжүзділік, дүниеқорлық, т.б. жаман мінез-құлықтарды әшкерелеу өзекті орын алады. Ыбырай осы әңгімелері арқылы жастардың ізгі жүректі, инабатты, талапты, ел-жұртына пайдалы азамат болуын көздейді.

Ол өзінің бүкіл педагогикалық теориясында жас ұрпақтың бойында ұлттық тәрбиені қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тәрбие саласындағы бай тәжірибесін негізге алу керек деген пікірді ұстанған. Ыбырай Алтынсарин ұлттық-эстетикалық тәрбие туралы еңбектерін жазып қалдырмаса да, оның ұлттық тәрбиеге қатысты ойлары оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Оның шығармалары халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Бұдан ұлы ағартушының бала тұлғасын қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

Кім сендерді, балалар тербететін,

Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?

Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,

Қамқор анаң көз жасын көлдететін,

деген өлең шумақтарынан ақынның отбасындағы ата-ана мен баланың арасындағы өзара қарым-қатынасты және ата-ана баланың алғашқы табиғи тәрбиешісі екендігін көрсете білгенін аңғарамыз. Оның өлеңдері мен ғибратты әңгімелері жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсарин жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа бой алдырмайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әртүрлі ұстаздық амал-тәсілдерді қолданады. Ақын өзінің төл туындыларында тәрбиелік, өсиет-насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырған. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер-білімге баулуды көздейді.

Ол ел жұртқа қажетті білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы жүзеге асады деп санады. Ы. Алтынсариннің еңбек жолында балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ерекше орын алады. «Мектеп дегеніміз шын мектепке ұқсас болуы үшін оған қаржыны көбірек бөлу керек... Өйткені мектеп – білім берудің басты құралы» деп қарады. Ол оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді ұялатуға бар күшін жұмсады. Ұлы ағартушы досы Н.Н.Ильминскийге жазған бір хатында: «Шәкірттер кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын... Мен балаларды жазалауды сүйетін онша қатал адам емеспін... Бірақ кейде балаларды тентектіктен тыймай да болмайды. Тентек етіп өсірсең, балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың», – деп өзінің педагогтік ұстанымын айқын көрсетеді [1, 43].

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Тәкаппаршылық» т.б. әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні – жастарға өнегелі тәрбие беру.

«Әке мен бала» әңгімесінде әкенің баласын сынау арқылы тәрбиелік мәні зор кеңес беруі бүгінгі әкелер мен аналар үшін үлгі боларлық тағылым. Қазіргі уақытта біз балаларды дайын дүниеге үйретеміз, баланың өз бетінше ойлануына, жасауына болатын әрекеттерге бейімдеуді естен шығарып жатамыз. Осы мәселеде қазақ ағартушысының «Әке мен бала» әңгімесінің рөлі жоғары.

Ол өзінің «Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зеректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зерек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтамен оқудың, зеректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерінде де автор білімді дәріптеді, жастарды еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа шақырады.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының болашағына аса мән берген ұстаз. Оның педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Бұл тақырыпқа арналған әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» және т.б.

Жас жеткіншектерді ұлттық тәрбиемен сусындатуды басты мақсат етті. Тәрбие саласында қазақ халқының ғасырлар бойы жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанған. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына халықтың төл мәдениеті мен өнері, тәлім-тәрбиесі ықпал етті. Өзі де жастайынан халықтық педагогикадан сусындап, үлкендердің, соның ішінде атасы Балғожа

бидің тәлім-тәрбиесін, үлгі-өнегесін көріп, көңіліне түйіп өсті. Сол білгендерін, көргендерін оқу-ағарту ісі арқылы қазақ балаларының бойына сіңіре білді.

Үй салу, егін кәсібімен шұғылдану, т.б. халқымыздың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін, ұлттық тұрмыс-салтын жастарға дәріптеу мақсатында Ыбырай Алтынсарин бірнеше әңгімелер жазды. Олар: «Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде автор қазақ жастарына кәсіппен айналысу, жер кәсібімен шұғылдану заман талабы екендігін ұғындырса, «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан әнін», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде автор қазақ жастарын тұрмыс-тіршілікке бейімделуге, қиындықтан жол табуға, өз бетінше өмір сүруге дағдылануға шақырғанын нақты аңғарамыз.

Ол қазақ даласында мектептер мен кәсіптік училищелер ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім беру ісінің негізін қалады. Ол техниканы меңгерген адам зор игілікке ие болады, жаратылыстың тілін біледі, оны өзінің айтқанына көндіреді, халықтың жалпы мәдениетін көтерумен қатар олардың тұрмысын да жақсартады дейді. Сонымен қатар Ыбырай өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де саналы азамат болып жетілуіне айтарлықтай үлкен үлес қосты.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшысы бола білген ұлы ағартушының қазақ ғылымы мен мәдениетіне, оқу тәрбие ісіне сіңірген орасан зор еңбектері тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі уақыт дәлелдеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. Алматы, 1991.
2. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. 2008 ж., № 4,5.
3. Алтынсарин Ы. Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы. 1976.
4. «Өзіндік таным» № 2 2007 № 5-6 2006 ж.
5. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989.
6. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. 320 бет.

ӘОЖ 378

ҰЛЫ АҒАРТУШЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Жайлаубаева И. Ж. – арнайы пәндерінің оқытушысы, Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі, Рудный қаласы.

Мақалада Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің психологиялық дүниетанымының ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: қазақтың ұлт, Ұлтының ұлы ұстазы, педагогикалық қызмет.

Елімізде сан ғасырлық тарихымызды мақтан тұтар, болашақтың еншісінде тағылымы мол ғибрат алар оқиғалар мен Отан үшін атқарылған адал қызметтер және үлгі тұтар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып пайда болуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ақтық демі біткенше жаугершілік заманда қарсыласқан жауға қасқая тұра білген батырлар, ұлтының көзі ашық, көңілі нұрлы болуын қалаған ағартушы, қарымды қаламымен сол заманның ащы шындығын өз жырларында айшықтап жеткізген ақын-жазушыларымыз жетерлік.

Солардың бірі де бірегейі Ахметтей алып, Міржақыптай талантты тұлғалар дүние есігін ашқан киелі Торғай топырағының мақтан тұтар ұлдарының бірі де бірегей қараңғы қазақ даласына рухани сәуле шаша біліп, халықты білім алуға шақырған, жүрегінде жігер оты бар ұрпақты арман еткен ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин. Оның қазақ балалар әдебиетінің атасы, ақын, этнограф, қазақ алфавитін жасаушы жаңашыл педагог, қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтың негізін қалаушы екендігін, мектеп тәлім-тәрбиесін алғаш аттаған оқушыдан бастап, есейіп, егде тартқан қарттарымыздың да білетіні айдан анық. Алтынсаринның өз халқын оқуға, өнерге үндеуі, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының негізгі арқауы десек, сонымен қатар қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің де ең алғашқы негізін салушысы болды.

Ыбырай Алтынсарин – жазбаәдебиетіміздің төрінен берік орын алатын педагог-жазушы. Ұлтының ұлы ұстазы – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдердің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің педагогтік, ағартушылық, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен талантын, үміт күттірер жас ұрпақты оқытып, сол заманның озық